



түскен кірісі талданып және мүлік салығын салу мәселелері қарастырлып, қосымша салық салу базасына талдау жасалынды.

Салық салуда салықтық климаттың қолайлы артықшылықтарын атап өтуге болады. Бүгінгі күні Қазақстанда қосылған құн салығы 12%, Ресейде 18%, ал Беларусьта 20% құрайды. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге арналған салық салу тәртібіне 4 салық түрлері бойынша төлемдерді 70% төмендету енгізілді. Бос қоймалар аймағы мен арнайы экономикалық аймақтан өнімді шығару кезінде кедендік баж және қосылған құн салығын төлеу бойынша жеңілдіктер берілді. Сондай-ақ, агробизнес субъектілеріне салық ауыртпалығын жеңілдету реформасы жүргізілген [1,246].

Шаруа немесе фермер қожалықтары Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасына сәкес келесі шарттарға сәйкес келгенде:

1) жеке меншік және (немесе) жер пайдалану құқықтарындағы (кейінгі жер пайдалану құқығын қоса алғанда) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің жиынтық алаңы мыналар үшін: бірінші аумақтық аймақ – 5 000 га; екінші аумақтық аймақ – 3 500 га; үшінші аумақтық аймақ – 1 500 га; төртінші аумақтық аймақ – 500 га болып белгіленген жер учаскесінің шекті алаңынан аспағанда;

2) осы арнаулы салық режимі қолданылатын қызмет түрлерін ғана жүзеге асырса;

3) қосылған құн салығының төлеушілері болып табылмаса, шаруа немесе фермер қожалықтарына арналған арнаулы салық режимін қолданады.

Осы тармақшаның мақсаттары үшін Алматы облысының топырақ-климаттық аймақтарындағы шөлді, жартылай шөлді және тау бөктеріндегі шөлді-далалық жерде орналасқан жайылымдар жатады. Сонымен бірге, шаруа немесе фермер қожалығында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері әртүрлі аумақтық аймақтарда болған жағдайда, жер учаскелерінің жиынтық алаңы осындай аумақтық аймақтарға белгіленген жер учаскесінің неғұрлым шекті алаңынан аспауы керек. Сондай-ақ, әрбір аумақтық аймақтағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің алаңы мұндай аймақ үшін белгіленген жер учаскесінің шекті алаңының мөлшерлерінен аспауға тиіс. Шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимі бірыңғай жер салығын төлеу негізінде


бюджетпен есеп айырысудың ерекше тәртібін көздейді және акцизделетін тауарларды өндіру, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті қоспағанда, ауыл шаруашылығы өнімдерін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндіру, өзі өндірген ауыл шаруашылығы өнімдерін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін қайта өңдеу және оны өткізу жөніндегі шаруа немесе фермер қожалықтарының қызметіне де қолданылады.

Қазақстан Республикасының аумағында жеке меншік және (немесе) жер пайдалану құқығындағы (кейінгі жер пайдалану құқығын қоса алғанда) жер учаскелері болған кезде шаруа немесе фермер қожалықтарына арнаулы салық режимін қолдануға құқық беріледі [2,3126].

Алматы облысында 2015 жылдың 1 қаңтарындағы жағдайы бойынша 46 552 шауа қожалықтары тіркеуге алынып, оның 98,1%-ы өз жұмысын атқарған. 2014 жылдың қортындысы бойынша шаруа қожалықтарынан 350 478 мың теңге бюджетке кірісте-лініп, соның ішінде бірыңғай жер салығы 85 279 мың теңгені құраған. 2016 жылдың 1 қаңтарындағы жағдайы бойынша 45 494 шауа қожалықтары тіркеуге алынып, оның 99%-ы, яғни 45 061 шаруа қожалығы жұмыс атқаруда. 2015 жылдың қортындысы бойынша шаруа қожалықтарынан бюджетке 1 148 867 мың теңге кірістелініп, оның ішінде 86 524 мың теңгені бірыңғай жер салығы құраған.

Осы саладағы бір жеке кәсіпкерге шаққанда (есептегенде) 2014 жылдың 12 айында түсімдер 7,5 мың теңгені құраған, ал 2015 жылдың 12 айында 25,3 мың теңгеге жетіп, 17,8 мың теңгеге артқан. 2016 жылдың бірінші тоқсанында 46 199 шаруа қожалық тіркелген. Бұл 2015 жылдың бірінші тоқсанына қарағанда 705 қожалыққа көп. Ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында жұмыс істеп тұрған шаруа қожалықтарының саны 45 061 қожалықтан 45 807 қожалыққа, яғни 746 қожалыққа артқан. Тоқсан бойынша салыстырғанда осы саладағы бір жеке кәсіпкерге шаққанда салықтық түсімдер көлемі де өскен. Ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында 0,8 мың теңгеге өсіп, 4,0 мың теңгені құраса, өткен жылдың бірінші тоқсанында 3,2 мың теңгені құраған.

Алматы облысы бойынша 2013, 2014, 2015 жылдардағы жергілікті бюджет бойынша салықтар түсімінің динамикасы келесідей көрініс табады (сурет).



1-сурет. Алматы облысы бойынша 2013 - 2015жж. жергілікті бюджетке түскен салық көлемі

Ескерту - Алматы облысы бойынша статистикалық бюллетен негізінде авторлармен құрастырылған

Суреттен көргеніміздей, Алматы облысының жергілікті бюджетін 2013 жылы жеке табыс салығы 19 201 524 мың теңге, 2014 жылы 20 570 265 мың теңге ал, 2015 жылы 24 567 465 мың теңгені құраған, мүлік салығы 2013 жылы 11 150 875 мың теңге, 2014 жылы 12 283 509 мың теңге, 2015 жылы 20 108 376 мың теңгеге жеткен, әлеуметтік салық 2013 жылы 14 032 363 мың теңге, 2014 жылы 15 248 065 мың теңге ал, 2015 жылы 16 836 829 мың теңгеге артқан. Көлік құралдарына салынатын салық 2013 жылы 3 324 309 мың теңге, 2014 жылы 3 626 646 мың теңге болса, 2015 жылы 3 355 826 мың теңгеге төмендеген. 2013 жылы жер салығының көлемі 671 654 мың теңге ал, 2014 жылы 709 417 теңге болса, 2015 жылы 773 670 мың теңгеге жеткен. Алматы облысының жергілікті бюджеті бойынша ең төменгі көрсеткішті бірыңғай жер салығы 2013 ж. 83 777 мың теңгемен, 2014 ж. - 85 279 мың теңгемен, ал 2015 ж.- 86 524 мың теңгемен құраған [3, 47-48б].

Салық салудың төменгі деңгейі арнаулы салық режимінің қолдану ерекшеліктерінен көрінеді. Арнаулы салық режимі қолданылатын шаруа немесе фермер қожалықтарының қызметінен түскен табыстардан, оның ішінде қызметпен байланысты шығындарды (шығыстарды) жабуға мемлекеттік бюджет қаражатынан алынған сомалар түріндегі табыстардан

алынатын жеке табыс салығын; қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақыларды; арнаулы салық режимі қолданылатын қызметте пайдаланылатын жер учаскелері бойынша жер салығын немесе жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақыны; ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндіруші заңды тұлғалар, сондай-ақ өзінің өндіру процесінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тізбеге енгізілген мамандандырылған ауыл шаруашылығы техникасының ауыл шаруашылығы өнімін пайдалану бойынша шаруа немесе фермер қожалығының басшысы немесе мүшелері қажеттілік нормативтер шегінде жеңіл және жүк көлік құралдары салығын төлемейді. Сонымен қатар, өз ауыл шаруашылығы өнімін өндіру, сақтау және қайта өңдеу процесінде тікелей пайдаланылатын, меншік құқығындағы салық салу объектілері бойынша шаруа немесе фермер қожалықтары мүлік салығын төлеушілер болып табылмайды.

Қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес заңды тұлғалар мүлік салығын салық базасына 1,5 пайыз мөлшерлеме бойынша есептейді. Мүлік салығын салық базасының 0,5 пайыз мөлшерлемесі бойынша дара кәсіпкерлер, оңайлатылған декларация негі-

## Экономический механизм хозяйствования

зінде арнаулы салық режимін қолданатын заңды тұлғалар есептейді. Сондай-ақ, ауыл шаруашылығы тауарларын өндіруші заңды тұлғалардың және шаруа немесе фермер қожалықтарының жерін суландыру үшін пайдаланылатын гидромелиорациялық құрылыс объектілері бойынша заңды тұлғалар мүлік салығын салық базасының 0,1 пайыз мөлшерлемесі бойынша есептейді.

Осы режимдегі мүлік салығын біздің ойымызша, фискалдық тұрғыдан тәжірибеде бар толықтай салықтық жеңілдіктен сараланған мүлік салығына өзгерту қажет. Осыған байланысты шаруа немесе фермер қожалықтарының мүлік салығын салық базасы негізінде салықтық мөлшерлеме енгізіп есептеудің үш нұсқасын ұсынамыз. Бірінші нұсқа, бір санаттағы салық төлеушілерге ұсынылады. Шаруа немесе фермер қожалықтары жеке кәсіпкерлер ретінде тіркелінеді. Жеке

кәсіпкер дегеніміз жеке кәсіпкерлікті заңды тұлға құрмастан жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматы немесе оралман. Жеке кәсіпкерлік - жеке тұлғалардың кіріс алуға бағытталған, жеке тұлғалардың өздерінің меншігіне негізделген және жеке тұлғалардың атынан олардың тәуекелі үшін және мүлдік жауапкершілігімен жүзеге асырылатын бастамашылық қызметі.

Қолданыстағы салық заңнамаға сәйкес дара кәсіпкерлер мен оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолданатын заңды тұлғалар 0,5% мөлшерлемесі бойынша мүлік салығын төлейтіндіктен, шаруа немесе фермер қожалақтары бойынша мүлік салығын есептеу үшін салық салу объектісінің құнын негізге ала отырып, 0,1% - 0,5% мөлшерлемелерді қолдану жолымен есептеуді ұсынамыз (1-кесте).

1-кесте. 0,1% - 0,5% мөлшерлемелері негізінде шаруа немесе фермер қожалақтарына мүлік салығының ставкасы

№	Салық салу объектісінің құны (тг)	Салық мөлшерлемесі
1	2	3
1.	5 000 000-ға дейін	0,1 %
2.	5 000 001-ден 25 000 000-ға дейін қоса алғанда	5 000 000 теңгеден салық салу объектісі құнының 0,1 % + 5 000 000 теңгеден асатын соманың 0,2 %-ы
3.	25 000 001-ден 50 000 000-ге дейін қоса алғанда	25 000 000 теңгеден салық салу объектісі құнының 0,2 % + 25 000 000 теңгеден асатын соманың 0,3 %-ы
4.	50 000 001-ден 100 000 000 дейін қоса алғанда	50 000 000 теңгеден салық салу объектісі құнының 0,3 % + 50 000 000 теңгеден асатын соманың 0,4 %-ы
5.	100 000 000-нан жоғары	100 000 000 теңгеден салық салу объектісі құнының 0,4 % + 100 000 000 теңгеден асатын соманың 0,5 % -ы
Ескерту - авторлармен құрастырылған		

Екінші нұсқада (2-кесте), жеке тұлғалардың мүлік салығын салық салу объектісінің құнына байланысты ставкаларына сәйкестендіріп, шаруа немесе фермер қожалығының 2-кесте. 0,05%-дан 0,55%-ға дейінгі мөлшерлемелер негізінде шаруа немесе фермер қожалықтарының мүлік салығын есептеу ставкасы

басшысын жеке тұлға ретінде алып, 0,05%-дан 0,55%-ға дейінгі мөлшерлемелерді шаруа немесе фермер қожалықтарының мүлік салығын есептеуде қолдануды ұсынамыз.

№	Салық салу объектілері құны	Салық ставкасы
1	5 000 000 теңгеге дейін қоса алғанда	салық салу объектілері құнының 0,05 пайызын
2	5 000 000 теңгеден жоғары 10 000 000 теңгеге дейін қоса алғанда	2 500 теңге + 5 000 000 теңгеден асатын соманың 0,08 пайызы
3	10 000 000 теңгеден жоғары 20 000 000 теңгеге дейін қоса алғанда	6 500 теңге + 10 000 000 теңге теңгеден асатын соманың 0,1 пайызы
4	20 000 000 теңгеден жоғары 30 000 000 теңгеге дейін қоса алғанда	11 500 теңге + 20 000 000 теңгеден асатын соманың 0,15 пайызы

## Экономический механизм хозяйствования

5	30 000 000 теңгеден жоғары 40 000 000 теңгеге дейін қоса алғанда	21 500 тенге + 30 000 000 теңгеден асатын соманың 0,2 пайызы
6	40 000 000 теңгеден жоғары 50 000 000 теңгеге дейін қоса алғанда	36 500 тенге + 40 000 000 теңгеден асатын соманың 0,25 пайызы
7	50 000 000 теңгеден жоғары 60 000 000 теңгеге дейін қоса алғанда	56 500 тенге + 50 000 000 теңгеден асатын соманың 0,3 пайызы
8	60 000 000 теңгеден жоғары 70 000 000 теңгеге дейін қоса алғанда	56 500 тенге + 60 000 000 теңгеден асатын соманың 0,35 пайызы
9	70 000 000 теңгеден жоғары 80 000 000 теңгеге дейін қоса алғанда	86 500 тенге + 70 000 000 теңгеден асатын соманың 0,4 пайызы
10	80 000 000 теңгеден жоғары 90 000 000 теңгеге дейін қоса алғанда	96 500 тенге + 80 000 000 теңгеден асатын соманың 0,45 пайызы
11	90 000 000 теңгеден жоғары 100 000 000 теңгеге дейін қоса алғанда	141 500 тенге + 90 000 000 теңгеден асатын соманың 0,5 пайызы
12	1000 000 000 теңгеден жоғары	191 500 тенге + 100 000 000 теңгеден асатын соманың 0,55 пайызы
Ескерту - авторлармен құрастырылған		

Ұсынылған нұсқалар бойынша мысал келтіріп, мүлік салығының көлемін анықтайық. Мысалы, «Ауыл» шаруа қожалығында 100 га ауыл шаруашылығына арналған жер, құны 25 000 000 теңге болатын көлемі 0,5 га болатын, технологиялық жабдықтардың автоматтандырылған жүйесімен қамтылған жылыжай, 21 450 000 теңгелік құны бар мал бордақылауға арналған 300 ш.м болатын қоражай, құны 4 500 000 болатын сыйымдылығы 5т көкөніс сақтайтын және 50т астық сақтайтын қойма бар. Мүлік салығының көлемін есептейік:

Бірінші нұсқа бойынша есептеу: жылыжай құны - 25 000 000 тг.

$(5\,000\,000\text{тг} * 0,1\%) + (20\,000\,000\text{тг} * 0,2\%) = 45\,000\text{тг}$

Мал бордақылауға арналған қоражай құны - 21 450 000 тг.

$(5\,000\,000\text{тг} * 0,1\%) + (16\,450\,000\text{тг} * 0,2\%) = 37\,900\text{тг}$

Қойма құны - 4 500 000тг:  $4\,500\,000 * 0,1\% = 4\,500\text{тг}$ .

Барлығы:  $45\,000\text{тг} + 37\,900\text{тг} + 4\,500\text{тг} = 87\,400\text{тг}$ ;

Екінші нұсқа бойынша есептеу: жылыжай құны - 25 000 000 тг.

$((25\,000\,000\text{тг} - 20\,000\,000\text{тг}) * 0,15\%) + 11\,500 = 19\,000\text{тг}$ .

Мал бордақылауға арналған қоражай құны - 21 450 000 тг.

$((21\,450\,000 - 20\,000\,000\text{тг}) * 0,15\%) + 11\,500 = 13\,675\text{тг}$ .

Қойма құны - 4 500 000тг:  $4\,500\,000 * 0,05\% = 2\,250\text{тг}$ .

Барлығы:  $19\,000\text{тг} + 13\,675\text{тг} + 2\,250\text{тг} = 34\,925\text{тг}$ ;

Шаруа немесе фермер қожалақтарын дара кәсіпкер ретінде 0,1%-0,5% мөлшерлеме бойынша мүлік салығын есептегенде

салық сомасы 87 400 теңгені немесе салық жүктемесінің коэффициенті 0,17% құрайды. Ал, шаруа немесе фермер қожалығының басшысын жеке тұлға ретінде алып, 0,05%-дан 0,55%-ға дейінгі мөлшерлеме бойынша есептегенде мүлік салығының сомасы 34 925 теңгені немесе салық жүктемесінің коэффициенті 0,07% құрайды.

Қазіргі кезде ауыл шаруашылығында «Даму», «ҚазАгроҚаржы» және тағы да басқа қорларының қолдауымен көкөніс пен жеміс сақтауға арналған қоймаларды, жылыжайларды орнату мен жұмыс істеуіне бағытталған әрүрлі инвестициялық жобалар жүзеге асырылуда. «Даму» қорының ұсынған көкөніс пен жеміс сақтауға арналған қойма жобасының үлгісін мысалға алып қарастырайық. Жобаны жүзеге асырудың 2012-2013 жылдарға күнтізбелік жоспары:

- инвестициялық жобаға құрлыс - жөндеу жұмыстарына 1 045 000 АҚШ долл. көлемінде;

- сатып алу, тасымалдау, құрылғыларды жөндеу, пайдалануға беруге дейінгі жұмыстарға 423 000 АҚШ долл. көлемінде;

- жедел қызмет қызметкерлерін іріктеу, оқыту үшін 797 000 АҚШ долл. көлемінде;

- қойманың жобалық күшіне енуі үшін 2 265 000 АҚШ долл. көлемінде инвестиция берілген.

Жоба келесідей несиелеу шарттарына байланысты есептелінді:

- несие сомасы - 2 265 000;

- сыйақы көлемінің жылдық мөлшерлемесі - 10%;

- жобаның өміршеңдігі - 5 жыл;

- жеңілдік мерзімін қоса алғанда, нақты қарызды тең бөлікте ай сайынғы өтеу мерзімі - 1 жыл.

## Экономический механизм хозяйствования

Қаржылық жоспардың барлық есебінде келесідей алғышарттар мен жорамалдар ескерілді:

- есептеулердің нормативтік салықтық ставкалары Салық кодексінің нормасы негізінде алынды;

- жобалық мерзім бойынша жоспарлаудың аралық үзілісі 5 жыл, бірінші жылда тоқсан бойынша бөлініп берілген;

- берілген бизнес жоспарды жасау барысында осы жобаның экономикалық және қаржылық есептілігі күнделікті бағамен шығарылған;

- есептеуге кіріс пен шығыстың пропорционалдық өсуі инфляциялық үрдіспен байланысты.

Кредитті өтеу графигі бойынша 2 265 000 доллар көлеміндегі негізгі қарыз сомасын жылдық 10% мөлшерлеменен 407 700 доллар пайыздық төлемді өтеп, 2016 жылы бітіру жоспарлануда. Күтілетін таза пайда көлемі 1 485 293 доллар, актив өтімділігі - 29,6%, меншік капиталының өтімділігі - 42,2%, сатудан түскен пайда - 22,3%. Жеңілдікті қоспағанда, жобаның өтелу мерзімі - 3,74 жыл, жеңілдікті қоса алғанда - 4,36 жыл, яғни бұл жобаның тиімділігі сөзсіз жоғары [4, 1026].

Осындай табысы жоғары, тәуекелі орта деңгейлі, ағымдағы қызметтің өтімділігі жоғары және өзін-өзі өтеу мерзімі аз уақытты алатын жобаларды жүзеге асырудың бастапқы кезінде мүлік салығы бойынша екі жылдық салық демалысын беріп, екі жылдан соң салық салу ставкасы бойынша үшінші нұсқаны ұсынамыз (3-кесте).

Осы нұсқада мүлік салығын есептеу салық салу объектісінің құнын негізге ала отырып, 0,1%-1,5% мөлшерлемелерін пайдалану арқылы жүргізіледі. Қолданыстағы шаруа немесе фермер қожалықтарына салық салу жүйесінде салық салуға байланысты мөлшерлемелер мен шарттар (нормативтер) қарастырылған, бірақ мүлік салығы бойынша салық салу енгізілмеген.

Шаруа немесе фермер қожалықтарына жер ресурстарын басқару жөніндегі мемлекеттік 0,1%-1,5% мөлшерлемелері негізінде шаруа немесе фермер қожалықтарына мүлік салығының ставкасы

кеттік уәкілетті орган берген жер учаскелерінің бағалау құнын айқындау актісі негізінде белгіленген жер учаскесінің бағалау құны бірыңғай жер салығын есептеу үшін салық салу объектісі болып табылады. Егер жер учаскелерінің бағалау құнын айқындау актісі болмаған кезде жер учаскесінің бағалау құны жер ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган берген деректер бойынша аудан, қала бойынша орташа жердің 1 гектарының бағалау құны және жер учаскесі алаңы негізге алына отырып, айқындалады.

Бірыңғай жер салығын есептеу жер учаскелерінің жиынтық бағалау құнына жер учаскелерінің жиынтық ауданын негізге ала отырып: 500 га дейінгі жер 0,15%, 501-ден 1000-ға дейін қоса алғанда, 500 гектардан бағалау құнының 0,15% + 500 гектардан асатын гектарлардың бағалау құнының 0,3%, 1001-ден 1500-ге дейін қоса алғанда 1000 гектардан бағалау құнының 0,3% + 1000 гектардан асатын гектарлардың бағалау құнының 0,45 %, 1501-ден 3000-ға дейін қоса алғанда 1500 гектардан бағалау құнының 0,45% + 1500 гектардан асатын гектарлардың бағалау құнының 0,6%, 3000-нан жоғары, 3000 гектардан бағалау құнының 0,6% + 3000 гектардан асатын гектарлардың бағалау құнының 0,75% мөлшерлемелерді қолдану жолымен жүргізіледі. Сондай-ақ, жайылымдар, табиғи шабындықтар және арнаулы СА-лық режимі қолданылатын қызметте пайдаланылатын басқа да жер учаскелері бойынша бірыңғай жер салығын есептеу жер учаскелерінің жиынтық бағалау құнына 0,2% мөлшерлемесін қолдану арқылы жүргізіледі.

Бірыңғай жер салығын төлеушілер әрбір қызметкер, сондай-ақ шаруа немесе фермер қожалығының басшысы мен кәмілетке толған мүшелері үшін айлық есептік көрсеткіштің 20 пайыз мөлшерлемесі бойынша әлеуметтік салық сомасын ай сайын есептеп отырады. Әлеуметтік аударымдар сомасы әлеуметтік салық сомасынан асып түскен кезде, әлеуметтік салықтың сомасы нөлге тең болады.

Рн №	Салық салу объектісінің құны	Салық мөлшерлемесі
1	2	3
1	5 000 000-ға дейін	0,1 %
2	5 000 001-ден 10 000 000-ға дейін қоса алғанда	5 000 000 теңгеден салық салу объектісі құнының 0,1 % + 5 000 000 теңгеден асатын соманың 0,2 %
3	10 000 001-ден 20 000 000-ге	10 000 000 теңгеден салық салу объектісі құнының 0,2 % +



